

Мектеп парламентінің тьюторлары


Президент Айтмуханбет Жаннур	Тьюторлық қызметтің басшысы Жамбырова Арайлым
ҚР БҒМ Балалар өкілділігі	Баланың құқықтары жөніндегі мектеп уәкілі Күзенбаева Гулмира
Құқық және тәртіп комитеті	Құқық және тарих пәнінің мұғалімі Куракова Гулнар
Бақыт комитеті	Психолог Махмутова Самал
Ақпарат және баспа комитеті	Мектеп тәлімгері Муратова Аружан
Спорт және СӨС комитеті	Дене шынықтыру пәнінің инструкторы Егізбаев Досхан Мектеп медбикесі Ғалымжанова Самал
Өзін-өзі тану комитеті	Психолог Исмагулова Айгул
Экология және еңбек комитеті	Биология пәнінің мұғалімі Кисимова Гаухар
Мәдениет және дебаттық қозғалыс комитеті	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Махмутова Арайлым
Қамқорлық (еріктілік) комитеті	Әлеуметтік педагог Қалиева Замзам

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебінде «**Мектеп Парламентінің**» Президенті мен фракция көшбасшылары сайланды.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматтарды тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- Білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- Ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- Әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- Өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Мектеп Парламентінің Президенті оқушылар мен мұғалімдердің үміткерлерді жақтап дауыс беруінің  нәтижесінде анықталды.

«Мектеп Парламентінің» Президенті-**Айтмуханбет Жаннур**

Парламент құрылымына сай фракция көшбасшылары анықталды.

«Құқық және тәртіп» фракциясының көшбасшысы - **Саламатқызы Гүлдана**

«Ақпарат және баспа» фракциясының көшбасшысы - **Изтурганова Айгерим**

«Спорт және салауатты өмір салты» фракциясының көшбасшысы - **Сунгатов Ильяс**

«Өзін-өзі тану және бақыт» фракциясының көшбасшысы - **Рахманова Нұрай**

«Қамқорлық» фракциясының көшбасшысы - **Аманғали Назерке**

«Мәдениет және өнер» фракциясының көшбасшысы - **Доспанова Арай**

«Дебат қозғалысы» фракциясының көшбасшысы - **Кусайнова Мадина**

«Экология және еңбек» фракциясының көшбасшысы - **Досқалиев Алихан**

Оқушылар мен педагогтер бірлесіп, ынтымақтасып жұмыс жасау үшін тьюторлық қызметтің басшылары тағайындалды.

Ә.Жангелдин орта мектебі бойынша мектеп парламентінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

Р/с	Іс-шаралар тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Жылдық жұмыс жоспарын жасап, бекіту	Жұмыс жоспары	қыркүйек	Парламент мүшелері
1. Құқық және тәртіп фракциясы				
1	Мектепшілік оқушылардың тәртібін қадағалау. Рейд жұмысын жүргізіу. Мектеп формасы	Рейд жұмысы	Айына 1 рет	Парламент мүшелері
2	Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған құқық қорғау органдарымен кездесулер өткізу	Жиналыс	Тоқсанына 1 рет	ДТДЖО Парламент мүшелері
3	«Менің құқықтарым-менің міндеттерім»	Ұл балалар жиналысы	Тоқсанына 1 рет	ДТДЖО Парламент мүшелері
4	«Өз құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа»	Апталық	Қараша	ДТДЖО Парламент мүшелері
2. Ақпарат және баспа фракциясы				
1	«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жұмыстар	Бұрыштар жасақтау	Қазан	Мектеп кітапханашысы ДТДЖО Мектеп парламенті
2	Шараларды әлеуметтік желіге жариялау	Жаңалықтар	Уақытылы	ДТДЖО Парламент мүшелері
3	«Үздік оқырман сынып» байқауы	Байқау	Ақпан	Мектеп кітапханашысы Мектеп парламенті
3. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы				
1	«Әдептілік тәрбие бастауы»	Бейнеролик	Қараша	Парламент мүшелері
2	«Жақсылық жолымен»	Акция	Ақпан	Әлеуметтік педагог Психологтар Мектеп парламенті
4. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы				
1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» спорттық шарасы	Спорттық шара	Ақпан	Парламент мүшелері Дене шынықтыру пәні мұғалімдері
2	«Гүлденген мектеп»	Акция	Тоқсанына 1 рет	Парламент мүшелері
3	«Бақытым да, байлығым да денсаулық»	Медбикемен кездесу	Наурыз	Парламент мүшелері

5. Қамқорлық фракциясы				
1	«Қайырымды қоғам»	Челлендж	Қыркүйек	Парламент мүшелері II сыныпоқушылары
2	«Досболіке» Достық қолын ұсын	Республикалық акция	Қаңтар	Парламент мүшелері ДТДЖО
3	«Жылы жүрек-жомарт қол»	Акция	Ақпан	Әлеуметтік педагог Парламент мүшелері ДТДЖО
4	«Алтын жүрек»	Республикалық челлендж	Наурыз	Парламент мүшелері ДТДЖО
6. Дебаттық қозғалыс фракциясы				
1	«Адам өмірінде әлеуметтік желі маңызды ма?»	Пікірталас	Қараша	Парламент мүшелері
2	Пікірталас мүшелерімен кезекті жиналыс	Жиналыс	Токсанына 1 рет	Парламент мүшелері
3	Қалалық, облыстық пікірталас жарыстарына оқушылардың қатысуы	-	Уақытында	Ұйым мүшелері
7. Экологиялық және еңбек фракциясы				
1	«Табиғат сырлы да, қазыналы әлем» суреттер байқауы	Суреттер байқауы	Ақпан	Парламент мүшелері
2	«Менің атаулы ағашым» мектеп алдын көгалдандыру	Акция	Сәуір	ДТДЖО Парламент мүшелері
8. Мәдениет және өнер фракциясы				
1	«Этно Жұма» Ұлттық киім күні	Жоба	Қаңтар	Парламент мүшелері
2	«Мұқағали жыры-мәңгілік»	Әдеби танымдық сағат	Ақпан	ДТДЖО Парламент мүшелері
	«Бір мақал, бір бауырсақ»	Айдар	Ақпан	ДТДЖО Парламент мүшелері
3	Жыл қорытындысы, жыл үздіктерін марапаттау рәсімдері	Жоба	Мамыр	Парламент мүшелері
4	Мектепішілік мәдени іс-шараларға қатысу	-	Уақытында	Парламент мүшелері

**Мектеп Президентін сайлаудағы дауыс беру нәтижелері туралы
Мектептің сайлау комиссиясының
Хаттамасы**

Дауыстарды санау нәтижесінде Мектептің сайлау комиссиясы


АНЫҚТАДЫ:

- 1/ Учаскедегі сайлаушылардың жалпы саны: 192
- 2/ Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны: 184
- Олардың ішінде дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс дауыс берген сайлаушылар саны: -
- 3/ Жойылған бюллетендер саны: 38
- 4/ Жарамсыз деп танылған сайлау бюллетендерінің саны: 2
- 5/ Мектеп Президенттігіне кандидаттар үшін берілген дауыстар:


№	Сыныбы	Мектеп Президенттігіне үміткерлердің тегі, аты	Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілген дауыстар саны / %	Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілетін лауазым
1.	10 «А»	Изтурганова Айгерим	40	Ақпарат және баспа фракциясы
2.	10 «Ә»	Саламатқызы Гүлдана	44	Құқық және тәртіп фракциясы
3.	10 «Ә»	Айтмуханбет Жаннур	100	Президент


Мектеп Президенттігіне үміткерлер үшін берілетін лауазым түрлері:

1. Президент-Айтмуханбет Жаннур
2. Экология және еңбек фракциясы- Досқалиев Алихан
3. Қамқорлық (Еріктілік) фракциясы-Аманғали Назерке
4. Құқық және тәртіп фракциясы-Саламатқызы Гүлдана
5. Ақпарат және баспа фракциясы-Изтурганова Айгерим
6. Спорт және СӨС фракциясы-Сунгатов Ильяс
7. Дебаттық қозғалыс фракциясы-Кусайнова Мадина
8. Мәдениет және өнер фракциясы-Доспанова Арай
9. Өзін-өзі тану және Бақыт фракциясы-Рахманова Нурай

Мектептегі сайлау комиссиясының төрайымы:  Шаяхметова Г.К.

Комиссия хатшысы:  Жамбырова А.Д.

Сайлау комиссиясының мүшелері:  1. Рахманова Н

 2. Доспанова А

Ә.Жангелдин орта мектебі КММ
Мектеп сайлау комиссиясының
2023 жылғы
ШЕШІМІ

Мектеп Президенті сайлауының қорытындылары туралы

2023 жылғы 15 қыркүйектегі мектеп Президентін сайлаудағы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманың негізінде Мектептің сайлау комиссиясы

ШЕШТІ:

- 1/ 2023 жылғы 15 қыркүйекте өткен мектеп Президентін сайлауы өтті және жарамды деп табылсын.
- 2/ Ә.Жангелдин орта мектебінің КММ-нің 10 «А» - сынып оқушысы Айтмуханбет Жаннур мектеп Президенті болып сайланған деп есептелсін.

Мектептегі сайлау комиссиясының төрайымы:



Шаяхметова Г.К.

Комиссия хатшысы:



Жамбырова А.Д.

5. Спорт және СӨС фракциясы

6. Дебаттық қозғалыс фракциясы

7. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық)

8. Өзін-өзі тану және Бақыт фракциясы (психология)

Парламенттің жоғарғы органы-фракциялар көшбасшыларының жалпы жиналысы

♦ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы колледждің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру

1. Жалпы ережелер 1. Өзін - өзі басқару кеңесінің мақсаттары:

♦ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы колледждің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру.

♦ Басқарудың демократиялық нысандарын кеңейту және колледж оқушыларын педагогикалық ұжыммен ынтымақтастыққа тарту.

♦ Мамандарды даярлау сапасын жақсарту және пәнді нығайту.

♦ Оқушыларды ұжымдық шешім қабылдауға, іскерлік қарым – қатынасқа, ұйымдастырушылық жұмысқа дағдыландыру, олардың бастамалары мен белсенділіктерін, мәселелерді шеше білу ептіліктерін дамыту.

♦ Колледж дәстүрлерін қалыптастыру және сақтау, оның меншігіне ұқыпты қарауды тәрбиелеу. ♦ Оқушылардың өзіне - өзі қызмет көрсету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәселелерді шешуге қатысуы.

2. Кеңес қызметі демократияның ізгілік, ынтымақтастық, жайдарылық, жалпы адамдық қағидасына, таңдаулылық және есеп берушілік, жанарту мен бірізділік қағидаларына құрылады.

3. Өзін - өзі басқару Кеңесі келесі құжаттар негізінде қызмет етеді:

• Оқушылардың ішкі тәртіп ережелері;

• өзін - өзі басқаруды ұйымдастыру және оның комиссисының қызметі туралы ереже;

4. Өзін - өзі басқару кеңесінің құрамына колледж активінің жиналысында таңдалған, кеңесте жұмыс істеуге ниеті бар оқу топтарының өкілдері және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары кіреді.


Алдағы өткізілетін жұмыстармен таныстырылып өтті.

Сойлеушілер:

Мектеп президенті Айтмуханбет Жаннур сөз алды. Бүгінгі отырыста күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырылып өттім. Мектептегі өткізілетін іс шаралармен оқушыларды тартуды алға қойамыз. Әр фракция мүшелері өз іс шара жоспарымен жұмыстарды уақытылы ұйымдастырады деп ойлаймын.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары негізінде іс шаралар уақытылы ұйымдастырылсын.
2. Мектеп оқушыларына Өзін өзі басқару ұйымының жұмысы таныстырылсын

ДТІЖО:  Г.К.Шаяхметова

**«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№1 хаттамасы**

Күн тәртібінде:

- 1.Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын ,бекіту
- 2.Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-11 сынып білім алушылары

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шаяхметова Г.К айтып өтті. 2023-2024 оқу жылы бойынша Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары бекітілді. Алдағы уақытта осы іс шара негізінде жұмыстанамыз деп ойлаймын.

Бірінші мәселе бойынша Ө.Жангелдин атындағы орта мектептің 8-11 сынып оқушыларының бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу мақсатында өзін-өзі басқару органдарының жұмыс жүргізу жоспары құрылып, мектеп директоры А.А. Султановаға бекітті.

Екінші мәселе бойынша оқушыларға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», Қазақстан Республикасының заңдары, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы.

Парламент – оқу-тәрбие процесінің проблемаларын шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте оқушылар, студенттер мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент –бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзіреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті,гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте, колледжде, ЖОО-да бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысты нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидатарына негізделеді.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Экология және еңбек фракциясы
- 2.Қамқорлық (Еріктілік) фракциясы
- 3.Құқық және тәртіп фракциясы
- 4.Ақпарат және баспа фракциясы

**«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының
№2 хаттамасы**

Күн тәртібінде: Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау.

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-11 сынып оқушылары

8-11 сынып оқушылары арасында Өзін-өзі басқару ұйымына сайлау өткізіп президентін сайлаймыз. Сайлауға оқу үлгерімі жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын 8-11 сынып оқушылары қатыса алады. Жалпы ұйымның мақсаты білім алушылардың бойына азаматтық белсенділік, әлеуметтік күзінеттілік, адамзаттық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Мектеп президенті – 10 «а» сынып оқушысы Айтмуханбет Жаннур

Мақсаты: мектепте өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын алға қою. Мектеп білім сапасын көтеріп, тәртіпті жақсарту.

1. Құқық және тәртіп фракциясы – 10 «а» сынып оқушысы Саламатқызы Гүлдана

МӨБ (мектептің өзін-өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау. Топтардың нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыру.

2. Ақпарат фракциясы – 10 «ә» сынып оқушысы Изтурганова Айгерим

Мақсаты: МӨБ (мектептің өзін-өзі басқару) жұмысының нәтижелілігі жөнінде мағлұматтар жинау және оны талдау.

3. Өзін-өзі тану және Бақыт фракциясы – 10 «ә» сынып оқушысы Рахманова Нұрай

Мақсаты: Үзіліс уақытында және мектепшілік іс-шараларда оқушылар арасындағы қоғамдық тәртіпті сақтау.

4. Спорт және СӨС фракциясы- 10 «а» сынып оқушысы Сунгатов Ильяс

Мақсаты: оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушыларды спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

5. Экология және еңбек фракциясы- 11 «а» сынып оқушысы Досқалиев Алихан

Мақсаты: оқушылардың денсаулықтарына бақылау жасау, кеңес беру. Оқушылардың спортпен белсенді шұғылдануға баулу.

6. Мәдениет және өнер фракциясы - 10 «а» сынып оқушысы Доспанова Арай

Мақсаты: бағыт бойынша түрлі мәдени шаралар өткізу (әншілер конкурсы, бишілер жарысы, спортпен шұғылдануы, оқушылар жайлы мағлұмат жинау) Мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының ватцап желісінде тчат ашылып белсенділер тіркелді.

7. Дебаттық қозғалыс фракциясы- 10 «ә» сынып оқушысы Кусайнова Мадина

Мақсаты: қоғамда орын алатын мәселелерді жариялы талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру.

8. Қамқорлық (еріктілік) фракциясы- 10 «ә» сынып оқушысы Аманғали Назерке

Қаулы: Өзін-өзі басқару органдарының сайлауы қанағаттанарлық деп танылсын.

ДТІЖО:  Шаяхметова Г.К

«Мектеп Парламенті» өзін-өзі басқару ұйым отырысының

№3 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы», Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыру.
2. Өртүрлі мәселе

Қатысқандар: Фракция мүшелері, 8-11 сынып білім алушылары

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы», Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстыру үшін мектеп тәлімгері А.Муратова жалпы ережелерді баяндады.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылаты негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жстан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;
- 2) жас отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, соның ішінде ажырасқан, тұл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы;
- 3) мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;
- 4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым – жастар тіршіліін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;
- 5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер – жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оңалуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;
- 6) жастар ұйымы – негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын заңды тұлғалар қауымдастығы (одағы), қор, сондай-ақ қоғамдық бірлестік нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым;
- 7) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаттары, міндеттері және принциптері

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білімалуы, кәсіби қалыптасуы мен денетәрбиесін дамыту үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардың шығармашылық әлеуетін ашу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының міндеттері:

- 1) жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 3) жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты:

- 1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардың мүдделері мен қажеттіліктерін тану;
- 2) Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени құндылықтарының басымдылығы;
- 3) тән саулығын сақтау және нығайту;
- 4) адамгершілік және рухани даму;
- 5) қазақстандық патриотизмді қалыптастыру;
- 6) азаматтықты қалыптастыру;
- 7) жастардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру;
- 8) жастардың проблемаларын шешудегі жүкелілік пен кешенділік;
- 9)

мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардың тікелей қатысуы принциптерін негізделеді.

2-тарау. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

5-бап. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

- 1) жастардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 2) жастар еңбегі мен олардың жұмыспен қамтылуы саласындағы кепілдіктерді қамтамасыз ету;
- 3) жастардың кәсіпкерлік қызметіне жәрдемдесу;
- 4) жас отбасыларын мемлекеттік қолдау;
- 5) жастардың тегін негізгі орта, жалпы орта

білімалуына консультациялық құқығын іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- 6) жастардың тәрбиелеу және оларға жан-жақты білім беру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 7) балалар үйлерінің мүгедек және тәрбиеленуші жастарының құқықтары мен

әлеуметтік қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету;

8)

жастардың патриоттық және азаматтық тұрғыда қалыптасуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- 9) жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 10) жастардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету,

олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- 11) әлеуметтік қолдауға мұқтаж жастарға әлеуметтік көмекті қамтамасыз ету;
- 12) жастардың мәдени бос уақыты мен демалысы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
- 13) талантты жастарды мемлекеттік қолдау;

14)

жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың коммерциялық емес жастар

ұйымдарыменынтымақтастығы;

15) жастардың халықаралықынтымақтастығынажәрдемдесуболыптабылады.Осы заңға сүйене мектепшілік ереже жасалған,сол ережелерді сақтауымыз қажет және соны оқушылар ұстануы қажеттілігі айтылды.

Әлеуметтік желіні пайдаланып осы тақырыпқа сай мәліметтермен қосымша толық таныссандар болады.

Екінші мәселе бойынша алдағы қазан айындағы жоспарымызға сай мектепшілік ,мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б. рейд ұйымдатыру туралы әр фракция белсенділерімен рейдтік жұмыс ұйымдастырылатыны айтылды.

Қаулы: 1. ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік Ережемен таныстырылды.

2.Мектепшілік рейд жүргізу құрамы анықталынсын.

Мектеп тәлімгері:



А.Муратова